

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚ, I

Қазіргі халықаралық құқық





Халықаралық мүдделердің құқықтық кеңеюі

Қоғамның құқықтың құрылымы оның әлеуметтік, экономикалық және саяси құндылықтар негізінде қалыптасады. Дәл солай, халықаралық құқық та белгілі бір факторлардың әсерінен туындайды. Бұл халықаралық қатынастардағы басым идеялардың арқасында, сондай-ақ, өз уақытындағы реалийлерге сәйкес жүзеге асады.

Автордың пайымдауынша, халықаралық құқықта қалыптасқан нормалар және жалпы жүйені өзгерткісі келетін күштер арасында қайшылық өршіп барады. Бұдан басты мәселе туындайды – жүріс-тұрыстың жаңа идеяларын және өмірдің жаңа реалийлерін халықаралық құқыққа қашан және қалай енгізуге болады? Бұл жерде құқық қызметінің дұрыс бағытын сақтап қалу өте маңызды.

Мемлекеттер – халықаралық құқықтың негізгі субъектісі. Бірақ қазіргі таңда халықаралық ұйымдар да бөлек құқықтық тұлға ретінде дамып, өз құқықтары мен міндеттеріне ие болды. 1949 жылы Әлемнің 193 мемлекеті мүшесі болып табылатын Біріккен Ұлттар Ұйымы туралы Халықаралық соттың кеңестік пікірі жарияланған еді. Осы пікірге сәйкес, Біріккен Ұлттар Ұйымы – халықаралық құқық субъектісі және және өзінің құқықтарын халықаралық нұсқауларды шығару және оларды орындау арқылы жүзеге асырады.

Содан бері әлемде көптеген халықаралық ұйымдар пайда болды. Бұл туралы арнайы дәрісте толығырақ тоқталып кетеміз.

Соңғы онжылдықтарда халықаралық құқықтың дамуы қарқын алып, еуроцентристік сипатты едәуір өзгертті. Басқа мәдениеттердің, өркениеттердің қажеттіліктері мен үміттері, сондай-ақ әртүрлі халықтардың экономикалық мүмкіндіктері халықаралық қатынастар өзгерісінде айрықша рөл атқаруда. Мысалы, Қытайдың өзі «бір белдеу, бір жол» атты жобасына 900 млрд АҚШ долларын салды. Бұл барлық елдердің сыртқы және ішкі сауда саясатын қайта қарастыруға мәжбүрлейді.

Осылайша, халықаралық құқық ең әуелі мемлекеттер арасында түзілген әлемдік саясатқа сүйенеді деп топшылаймыз. Өйткені халық мүддесін білдіруде маңызды рөлді басқа емес, мемлекет атқарады.

Дамып келе жатқан халықаралық құқықтың құбылыстар мемлекеттің ішкі ісіне араласпау, территориялық тұтастық, күш қолданбау және Біріккен Ұлттар Ұйымында дауыс берудің тең құқығы принциптерін одар әрі нығайтып келеді. Сонымен қатар, экономикалық қатынастардың тереңдеуі, адам құқықтары мәселесі мен жаңа технологиялық жетістіктер мемлекеттерге ешқандай шегара мен егемендікке қарамай талап қоюда өз ықпалын жүргізеді. Осы және басқа да құбылыстар қазіргі халықаралық құқықтың сипатын қалыптастырады.

Заманауи теориялар және түсіндірмелер

Шоу заманауи теориялар ретінде, ең алдымен, позитивті құқық және табиғи құқық теорияларын салыстырады. Қарапайым тілмен айтқанда, позитивті құқық – адам қолымен жасалған және адамдарға құқықтар мен міндеттер жүктейтін құқық.

Позитивизмнің көрнекті өкілі Кельзен өзінің «Таза құқық теориясы» атты еңбегінде халықаралық құқықты примитивті деп сипаттайды. Өйткені халықаралық құқық жүйесінде де примитивті (яғни алғашқы қауымдық) қоғамдағыдай мықты заң шығарушы, сот және атқарушы билік органдары жоқ. Осыған байланысты Кельзен «базалық норма» деген түсінікті ұсынады. Оның пайымынша, базалық норма дегеніміз – дәстүрлерді құқықты бастау көзі ретінде танитын ереже. Басқаша айтқанда, халықаралық құқықтың негізгі принциптері тек қана мемлекеттер өзін әдетте (дәстүрлі түрде) қалай ұстайды, солай ұстаған кезде ғана жарамды. Бірақ Кельзеннің ұғымындағы халықаралық құқықтың базалық нормаларының бір түйткілді тұсы – тым қайталауға (тавтологияға) ұрынуы, яғни оның пайымының мағынасы «мемлекеттер халықаралық құқыққа бағыну қажет болғаннан кейін ғана бағынады» дегенге саяды.

Кельзен еңбегінің келесі бір маңызды аспектісі – құқықты монистік бағытта түсіндіруі, яғни оның пікірінше, халықаралық құқық және ұлттық құқық екі бөлек жүйе емес. Олар біртұтас және



өзара тығыз байланысты. Сонымен қатар, халықаралық құқық ұлттық құқықтан биік тұрады және ұлттық құқық халықаралық құқықтан туындаған құзіреттер аясында анықталады.

Кейін позитивизм теориясы социологиялық тұрғыдан талқыланды. Өзінің «Құқық концепциясы» атты кітабында Харт құқық жүйесі негізгі және қосымша ережелердің өзара байланысына негізделген деп жазады. Оның пайымдауынша, халықаралық құқық ең қарапайым әлеуметтік құрылым сияқты тек қана негізгі ережелерден тұрады, яғни тек қана жүріс-тұрыстың стандарттарын бекітеді. Сол стандарттар ретінде халықаралық құқықтың негізгі он принципі көрсетіліп, халықаралық құқық тек қана ережелер жинағы деген тұжырым жасалады. Үш тармақты биліктің жоқтығы тағы да қарапайым әлеуметтік ортаны көрсетеді.

Кейінгі құқықтық зерттеулердің эмпирикалық әдістемесі құқықты антропология, психология және социология ғылымдарымен тығыз байланыстырады. Бұл, әсіресе, Америка Құрама Штаттары мысалында анық байқалады. Ағылшындық және американдық құқықтық жүйелер прецеденттік құқыққа негізделген. Осыған орай, сот процесіне қатысушылардың жүріс-тұрысы осы елдерде тек бір құқық саласының ғана емес, жалпы құқық теориясының зерттеу нысанына айналды.

Шоудың пауымдауынша, соның нәтижесінде құқықты функционалдық анализ негізінде қарастыруға мүмкіндік туды. Бұл жерде екі сұрақтың жауабы ізделеді: 1) «Қандай талап арыздар қойылады?» 2) «Олар қалай қанағаттандырылады?». Басқаша айтқанда, социологиялық мектептің әдістемелері қолдана бастағаннан кейін, құқықтық жүйе идеялық тұжырымдамаларды талқылаудан сот залына көшіп кетті.

Бұндай бағыт реализмге ұласты. Ол бойынша, құқық – белгілі бір қоғамда жұмыс істейтін институт. Ондай институтта көптеген мәселелер шешімі талап етіледі. Алдыңғы теориялар құқықтың шын мәнінде қоғамда қалай жұмыс істейтінін ашып көрсете алмады. Сондықтан әртүрлі деңгейдегі ресми тұлғалардың жүріс-тұрыстарын ұғыну және сотқа қатысушылардың жүріс-тұрыстарын зерттеу маңызды болды.

Бұл жалпы құқық дамуының негізіне айналды. Себебі құқық субъектісінің жүріс-тұрысы уақыт талабымен өзгереді, сәйкесінше құқық та дамиды.

Ол өз кезегінде құқық субъектісінің жүріс-тұрысын зерттеуді мақсат тұтатын бихевиористік теорияның дамуына мүмкіндік берді.

Жаңа бихевиористік теорияға көшпес бұрын, Малколм Шоу Табиғи құқыққа тағы да бір тоқталып, аралық талдау жасайды. Оның ойынша, табиғи құқық теориясын қайта қарастыру халықаралық әділеттік және халықаралық институттар түйткілдерінің шиеленісуімен тікелей байланысты. Халықаралық құқықтың көптеген идеялары мен принциптері өз бастауларын табиғи құқықтан алады. Құқықтық тәртіптегі этикалық стандарттардың маңызы, әсіресе, агрессияны болдырмау мен адам құқықтарының бастаулары табиғи құқықтан тарайды. Демек әділетсіз заңдарға қарсы тек олардан жоғары үстем тұрған нәрсе ғана шыға алады, ол – Табиғи құқық.

Жаңа теориялар

Өзіне психология, антропология және социология элементтерін қамтитын бихевиористік қозғалыс халықаралық қатынастарды зерттеуде сәтті нәтижелерге қол жеткізді.

Аталмыш теорияның шығу тегін іздегісі келген адам бұл бағытты үкіметтің қоғамдағы рөлі туралы көзқарастың өзгеруімен байланыстыруы мүмкін. Үкімет халық тұрмысын реттеуде терең және маңызды рөлді атқарып келеді. Құқық, әсіресе Америка Құрама Штаттарында, қоғамдағы өзгерістерге ықпал ету құралы ретінде қарастырылады. Ал реализм осы көзқарасты құптайды. Ол пікірге сәйкес, қауымдастық құндылықтары мен саяси шешімдер құқықтың табиғатын танытады. Осыған байланысты судья – құқықтық қарым-қатынастағы өте маңызды элемент. Ол тек формальды құқықтық ережелерді түсіндіруші ғана емес, сондай-ақ, жария тәртіп бойынша белсенді шешім қабылдаушы тұлға болуы тиіс.

Мұндай құқық жүйесі қазақстандық құқық жүйесінен едәуір алшақ екендігін ескерген жөн. Алайда осындай бағыттармен танысу арқылы ғана шетелдік ресми тұлғалардың іс-әрекеттерінің маңызы мен мәнісін аңғаруға болады. Көптеген халықаралық шарттар алдымен



ағылшын тілінде жазылатыны анық. Осыған орай жаңа бағытты ұстанған дамыған елдердің идеялары сол халықаралық шарттарда өз заңды көрінісін тауып жатады.

Малколм Шоу бихевиоризм халықаралық қатынастар саласын екіге бөлді деген пікір айтады. Біріншісі – бір шешім қабылдау үшін сыртқы саясат техникалары мен себептерді қарастыруды қажет етсе, екіншісі – халықаралық жүйелерді талдау тәсілдемелерін құрайды.

Бұдан халықаралық аренадағы әртүрлі қатысушылардың өзара қалай әрекеттесетінін көруге болады. Өзара әрекет жеке-жеке әр қатысушыға да, жалпы жүйеге де әсер етпей қоймайды. Соның нәтижесінде тарихта болған халықаралық тәртіптің әртүрлі жүйелерін зерделеп, әр жүйенің даму динамикасын қарастыруға болады.

Мысал ретінде Малколм Шоу 1848–1914 жылдар аралығын алады. Осы уақыт аралығы батыстық ғылымда «күштер балансы» деп аталады. Бұл жүйеде бірнеше факторлар болды: қатысушылардың аздығы, әлсізді қолдайтын және күштіні шектейтін уақытша альянстар және т.б. Халықаралық қатынастардың мұндай жүйесінде бір мемлекет басқа мемлекетті түгелдей жаулап алған емес. Бұл, өз кезегінде, жүйенің тұрақтылығына алып келді.

Бихевиоризм ойын теориясы техникаларын қолдану әдістеріне бай. Қарапайым тілмен айтқанда, бұл – қақтығыс, шиеленіс жағдайларында шешім қабылдауға септесетін математикалық әдіс. Аталған әдіс күрестен әр тарап ұтымды шыққысы келетінін қаперге алады. Одан басқа да факторлар ескеріледі. Айталық, коммуникация, интеграция, қоршаған орта және қабілет-қарым. Қарап отырсақ, бұл – осының алдында таныстырылған теориялардан әлдеқайда күрделірек.

Квантатативті зерттеу немесе сандық зерттеудің ілгерілуі өте көп сандық мәліметтерді тәртіпке келтіріп, салыстыруға септігін тигізді. Бұл методологиялық амал саяси, экономикалық, әлеуметтік саладағы мәліметтерді және статистиканы еркін қолданып, ақпаратты ғылыми зерттеуге қолайлы күйге келтіреді. Осылайша бихевиористік және сандық аспектілерді қамтыған әдістер халықаралық құқық саласына сіңісті бола бастады.

Халықаралық қатынастарды зерттеу мақсатында бихевиористік тәсілдеменің халықаралық құқыққа енгізу жөнінде басқа да ғалымдардың еңбегінен табуға болады. Профессор Макдугал бихевиоризмді «саяси бағдар» қозғалысы деп анықтайды. Ол бойынша құқық, бізге үйреншікті ережелер мен міндеттердің жинағы емес, шешім қабылдаудың кешенді процесі болып саналады. Осындай амал халықаралық құқықты белгілі бір әлемдік тәртіпте жұмыс істейтін қарқынды жүйе деп тануға мүмкіндік береді.

Осылайша бихевиористік амалға сәйкес, құқық – шешім қабылдаудың тұрақты даму үстіндегі процесі, және оның даму жолы шешім қабылдаушының білімі мен көрегенділігіне тікелей тәуелді.

Бұл процесті талдау үшін сегіз құндылық институттарының санаты топтастырылды. Олар: күш, әл-ауқат, ағартушылық, қабілет-қарым, игілік (well-being), іңкәрлік, құрмет, адалдық. Бұл тізімді жалғастыруға болады.

Құқық – осындай процестердің өнімі. Ал Халықаралық құқық – билік және бақылау идеяларын қамтитын, шешім қабылдауға ықпал етуші процесі. Бұл жерде ықпалды (немесе беделді, ресми билігі бар) шешім қабылдаушы халықаралық құқық нормаларын ескере отырып, халықаралық мәні бар шешім қабылдауға тырысады. Бұндай шешім қабылдаушы тұлға ұдайы қысым мен түрлі факторларға душар боп отырады. Олардың ішінде сол тұлға қызмет ететін қоғамның құндылықтары және қызмет ететін мемлекеттің мүддесі де бар. Ондай адам дүниелік тәртіпті құндылықтарын ойлаған кезде, абыройды естен шығармағаны дұрыс.

Осыған байланысты халықаралық құқықты бірнеше шарттар аясында қарастыруға болады:

- Ықпалды (беделді) шешім қабылдаудың жан-жақты процесінде ережелер ұдайы және өзгертіліп отырады;
- халықаралық құқықтың функциясы – шешім қабылдаудың жан-жақты процесі туралы әлем халықтарының көзқарастарын (талаптарын, идентификациясын және үмітін) байланыстыру;
- осындай ережелердің ұлттық деңгейде қолданылуы жекелеген инстанцияларда лайықты интерпретацияны қажет етеді;
- мұндай интерпретация кезінде мұндай ережелер қалай, кім және қандай мақсатта және қандай мәнде қолданып жатыр деген секілді сұрақтарға жасалады.



Халықаралық құқықты аталған шарттар аясында анықтауды саяси сыңаржақтығы үшін біршама дәстүрлі халықаралық құқық заңгерлері сынға алған. Өйткені бұл құқықтық контенттің көлемін азайтып жіберді. Олардың ойынша, көптеген елдер жай ғана халықаралық құқыққа бағынады және оны ескерусіз қалдыруға болмайды. Елдер бихевиористік анализге ылғи да мән беріп, оның әр элементіне үңіле қоймайды.

Қазақстандық халықаралық құқықта бихевиористік анализ мүлдем жоқ. Сондықтан бұл – одан әрі тереңдетіп зерделеуге лайық тақырып.

Қортындылай келе, халықаралық құқықтың қазіргі ахуалы құқықтық теориямен тығыз байланысты екенін атап өткен жөн. Дегенмен жоғарыда аталған барлық теориялар халықаралық құқықтық жүйенің дамуына өзінше әсер еткені рас. Бұл тұрғыда қазіргі халықаралық құқық жүйесін түсіну үшін сол теорияларға мұқият көңіл бөлген жөн. Сонымен қатар, халықаралық құқықтың негізгі нормативтік және құрылымдық табиғаты салыстырмалы деңгейде өзгеріссіз қалғанын естен шығармаған жөн.

Сұрақтар

1. Халықаралық құқықты түсінудегі позитивистік және табиғи тәсілдемелердің (ұстанымдардың) айырмашылықтары қандай?
2. Бихевиористік теория бойынша халықаралық құқыққа қандай анықтама берер едіңіз?
3. Неліктен кейбір ғалым-құқықтанушылар халықаралық құқықты примитивті қоғам құқығымен салыстырады?

Әдебиеттер

1. The Oxford Handbook of the Theory of International Law (ed. A. Orford and F. Hoffmann), Oxford, 2016
2. M. Koskeniemi, The Politics of International Law, Oxford, 2011.
3. Сарсембаев М.А., Сарсембаев К.М. Международное право. Общая и особенная части: Учебник. Алматы: Жеті Жарғы, 2009. Стр. 5-19.
4. Кулжабаева Ж.О., Международное публичное право. Общая и Особенная части. Алматы: Юридическая литература, 2006. Глава 1.